

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының 2023 жылы атқарған іс-шараларның ЕСЕБІ



Жалпы жүргізілген экскурсия саны - 3525.

Ақылы экскурсия - 2596

Ақысыз экскурсия саны – 929

2023 жылы келушілер саны

Ересектер	Студенттер	Оқушылар	Зейнеткерлер	Мектепке дейінгілер	Мүмкіндігі шектеулі жандар	Шетелдіктер	Барлығы
28355	10385	30213	4507	7027	2462	60	83009

Музей қорындағы жалпы музей затының саны – 22232

Музей қорындағы жалпы экспонаттардың саны – **22232**. Оның **12516** - негізгі қорда, **9716** - қосалқы қорда. 2023 жылы қорға барлығы **95** экспонат қабылданды: негізгі қорға - **35**, қосалқы қорға – **60**.

Сандық форматқа көшірілген экспонаттар саны: **696 (6428 бет/файл)**
Оның ішінде **181 (5450 бет/файл)** қолжазба, **13 (978 бет/файл)** кітап, **502 фотосурет**.

Жиыны: 7975 (7279+696).

2023 жылы музейдің негізгі қоры Абай әндерін насихаттаған дәстүрлі әнші, «ҚР мәдениет саласының үздігі» Н.Иманбаевтың жеке заттары, Ахат Шәкәрімұлының қолжазбасы, суретші, кескіндемеші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Т.Байғалиевтің «Шәкәрім» портреті, алаштану, шәкәрімтану тақырыбына арналған зерттеу еңбектері сынды құнды жәдігерлермен толықты.

Абай музейі Қазақстан Республикасы Ұлттық музей қорының каталогына музей заттарын енгізді. Бұл каталогта сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бар. 1262 экспонат «ҚР Ұлттық мәдени игілігінің тізімдемесіне» енгізілді.

Қор құрамы:

Барлық негізгі қор құрамы	-28	12509
- живопись-графика (көркем туындылар)	4	779
- мүсіндік туындылар	-	38
- қолөнер және тұрмыстық заттар	2	782
- бейнежазылым	-	336
- нумизматика	2	36
- фотосуреттер	1	2326
- құжаттар (төлқұжаттар, қолжазбалар, архив деректері, іс қағаздары)	5	3900
- тағы басқалары (кітаптар, дыбыстық жазба, адресаттар, альбом-буклеттер)	18	4316

№	Абай музейінің ғылыми-ағартушылық жұмыстары	2023 жылы
1.	Жалпы көрмелер	61
2.	Оның ішінде: жылжымалы көрмелер	23
3.	Баспа өнімдері	4
4.	Мәдени шаралар	82
5.	Оқулар, сайыстар, байқаулар	11
6.	Ұйымдастырылған конференция, семинар, дөңгелек үстел	27
7.	Лекциялар	96
8.	Телехабарларға қатысу, сұхбаттар	65
9.	Конференция, семинар, дөңгелек үстелдерге қызметкерлердің қатысуы	38
10.	Мақалалар	94
11.	Сайт, әлеуметтік желілерде жарық көрген мақалалар	202

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жылдық жоспарға сәйкес қызмет атқарып келеді.

Биылғы жылы Абай музейінде ақын, философ, Абайдың ақын-шәкірті **Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығы** мерейтойы аталып өтті. Мерейтойға орай музейде республика, өңірлік, қалалық, аудандық мәдениет мекемелері, ЖОО-нда «Қазақтың көрнекті ақыны» атты кеш, «Шәкәрімнің рухани мұрасы», «Шәкәрім тағылымы» тақырыптарында тұрақты көрмелер,

жылжымалы көрмелер, кітап көрмесі ұйымдастырылып, колледж студенттеріне, мектеп оқушыларына онлайн, видео экскурсиялар, офлайн экскурсиялар жүргізілді. Видео экскурсиялар мен онлайн экскурсиялар музейдің әлеуметтік желілері мен youtube каналдарында, zoom платформасында жүргізілді. «Шәкәрім даналығы» білім сайысы өткізілді, музей қызметкерлері Шәкәрім Құдайбердіұлына қатысты тарихи жерлер: Кең бұлақ, Кеңқоныс, Бақанас, Шыңғыстау, Керегетасқа «Шәкәрім жүрген ізбенен» атты экспедицияға барып қайтты.

Сонымен қатар Т.Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойына орай «Алаш ардақтысы – Темірбек Жүргенов» тақырыбында ЖОО-ның, колледж студенттеріне музей қызметкерлері лекция оқыды. Мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, филология ғылымдарының докторы Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің туғанына 80 жыл мерейтойына, көрнекті ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі М.Әлиакпаровтың шығармашылығындағы «Шәкәрім әлемі» көрмесі, суретші, кескіндемеші, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Төлеуғазы Байғалиевтің «Шыңғыстаудан сыр шерткен суретші» атты жеке шығармашылық көрмесін, Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде «Абайтанушы-ғалым М.Р.Сұлтанбеков – 85жыл» атты жылжымалы көрмесі, «Әуезов әлемі – бейнелеу өнерінде» (музей қорынан) көрмесі, «Оқыған жан қолтаңбамнан танысын...» (музей қорынан), ҚР Тәуелсіздік күні мен ҚР Суретшілер Одағының 90 жылдығына орай «Менің қалам» атты көрмелерін атап айтуға болады. 2023 жылғы жоспарға сәйкес музейден тыс көрмелер жоспарланып, Egov мемлекеттік порталының «Ашық деректер» платформасына қойылды.

Жоспар негізінде музей Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен бірлесіп «Мемлекеттік тіл – менің тілім» акциясы аясында «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» дөңгелек үстелін өткізді.

Наурыз айында «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті» ұранымен әр түрлі форматтағы 8 шара: «Көрісу күні», «Зере әженің ертегілері. Ертегілер әлеміне саяхат», Семей қаласының орталық алаңында «Наурыз мейрамы – 2023» мерекесі аясында «Абай ауылы» киіз үйінде жылжымалы көрмесі, Қарағанды қаласындағы Шәкәрім атындағы гимназияда «Шәкәрім мұрасы – халықтың асыл қазынасы» жылжымалы көрмесі, «Абай музей-үйіндегі наурыз», «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесіне арналған кітап көрмесі көрермендерге ұсынылды.

Барлығы: 120 іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Оның: **27** дөңгелек үстел, 11 сайыс, байқаулар, **82** мәдени-танымдық шара. Сонымен қатар **96** дәріс өткізілді.

2023 жылы «Шәкәрім даналығы» байқауы, Абай ауданының білім бөлімімен бірлесе аудандық ІХ «Көкбай оқулары», «Әсеттей сал ән салсаң әуелетіп» сайысы, жоғарғы сынып оқушыларының арасында «Әсет оқулары» байқауы, мектеп оқушылары арасында «Абайды оқы, таңырқа» сайысы, мектепке дейінгі балалар арасында «Әсемпаз болма әрнеге...» сайысы өткізілді.

Абай облысы мәдениет және архив істері басқармасы мен Семей қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен бірлесе Мәдениет және өнер

қызметкерлері күніне орай мәдениет және өнер қызметкерлері арасында «Шәкәрім даналығы» атты әдеби квест және алғаш рет мемлекеттік қызметкерлер күніне орай «Абай, Мұхтар мұрасы – адамзат қазынасы» атты әдеби квест, Республика күніне орай «Қалың елім, қазағым!» атты студенттер арасында сайыс ұйымдастырылды.

Музейде ұйымдастырылып өткізілетін барлық шараларды жұртшылыққа көрсету, насихаттау бағытында мынадай ақпараттық жұмыс жүргізілуде: Абай музейінің инстаграм, фейсбук аккаунттары мен youtube каналында өткен шаралар мен онлайн шаралар, видеолары орналастырылды.

Республикалық «Егемен Қазақстан», «Jas Qazaq», «Ана тілі», өңірлік «Семей таңы», «Вести Семей», жергілікті «Ертіс өңірі» газеттерінде өткізілген іс-шаралар туралы мақалалар жарияланып, «Semeu», «Хабар», «24 kz», «Qazaqstan», «ТВК-б», т.б. телеарналарға, «Әдебиет», «Kazmuseum» т.б. интернет сайттары мен порталдарға сұхбаттар берілді. Сондай-ақ ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Семей қаласының Мәдениет бөлімінің интернет порталында өткізілетін шаралар жоспарлары жарияланып, «Egov» Үкіметтік порталында 2024 жылы өткізілетін көрмелер кестесі қойылды.

2023 жылдың басынан әлеуметтік желіде 202 ақпарат жарияланған.

оның жалпы қаралым саны – 241715

оның ішінде: фейсбук парақшасында - 233909

инстаграм парақшасында -34009 қаралым.

2023 жылдың 11 тамызынан бастап Абай музейінің «ТікТок» әлеуметтік желісі ашылды. Қаралым саны -14029

Музей «Абайтануды оқытудың ерекшеліктері» тақырыбында облыстық мұғалімдер арасында **ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырып өткізіп**, «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» педагог қызметкерлердің бірыңғай Республикалық тамыз кеңесінің «Оқуға құштар ұлт» тақырыбы бойынша секциялық отырысында модераторлық қызмет көрсетті. Осы семинарларда музей қызметкерлері, **директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары М.С.Кайрамбаева** «Абайтанудағы Абай музейінің орны», Кәмен Оразалин музей-үйінің жетекшісі Е.Оразалы «Ұлы Абайдан бастау алған жыр өлкем» атты тақырыпта баяндама жасады. Музей қызметкерлері басқа да ЖОО, музейлер, кітапханалар ұйымдастырған 32 халықаралық, республикалық, облыстық онлайн конференциялар мен семинарларға қатысып баяндама жасады.

Бүгінгі күнде «Музейге сый», «Біз біргеміз» «Музей түні», «ҚР Конституциясы күні», «Отбасы құндылықтары» атты акциялар өткізіліп келеді.

2023 жылы өткізілген барлық іс-шаралар БАҚ-та кеңінен жарияланып, 12 материал, 71 сұхбат: «Astana akshamy» газетінде «Шәкәрім қажыны суретке түсірген кім?», «kazinform» ақпараттық агенттігінде «С образцами русской литературы Абая познокомил младший брат Абая», youtube каналындағы журналист Майя Бекбаеваның «Убийство Шакарима, уничтожение наследия. Кто стоял за этим?» **хабарында**, «Semeu» телеарнасында **«Жанару мен жанғыру жолы» -Әділетті Қазақстан- адал азамат» Т.Шаңбай** сұхбаты, «Jas Qazaq», «Вести Семей» газетіне, «Семей таңы» газетінде, «Әдебиет» порталында т.б. сұхбаттарының шығуы ұйымдастырылды.

2023 жылы музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары «Ұлы қазақ ақыны музейі туралы» баяндамасымен «Абай оқулары: Еуразиялық кеңістіктегі Қазақстанның тарихы мен болашағы» атты V Халықаралық ғылыми семинарға қатысты.

Польшаның «WSG UNIVERSITY IN BYDGOSZCZ» университетінің Канцлері Филипа Сикорамен (ul.Garbary2, 85-229 Bydgoszcz, Polska) **халықаралық өзара ынтымақтастық меморандумына** қол қойылып, меморандум аясында «Абайские чтения: история и перспективы Казахстана в Евразийском пространстве» атты V мерейтойлық халықаралық ғылыми семинарға қатысты.

Сондай-ақ Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейімен, Астана қаласындағы Әскери-тарихи музеймен өзара ынтымақтастық меморандумдарына қол қойылды.

2023 жылы «Алаш арыстары – М.Әуезов» музей-үйінің экспозициясы жасалып, көрерменін қабылдады.

2023 жылы Абай облысының құрылуына байланысты музей қарамағындағы облыстық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау міндеттемелері жаңартылды. Сондай-ақ «Тарихи ескерткіштер – ұлт құндылығы» тақырыбында кітап көрмесі, тақырыптық экскурсия ұйымдастырылды.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығында 2023 жылғы наурыздың 28-29 күндері музей мамандарына арналған **«XXI ғасырдағы музей маманы: кәсіби біліктілік пен мансап»** атты біліктілікті арттыру курсы өтіп, курсты ҚР Ұлттық музейінің мамандары жүргізді. ҚР Ұлттық музейінің мамандары ұйымдастырған біліктілікті арттыру курсына ҚР Мәдениет және ақпарат министірлігі Мәдениет комитетіне қарасты Абай музей-қорығының мамандары мен Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Семей қаласының облыстық тарихи өлкетану музейінің және Шығыс Қазақстан Өнер музейінің мамандары қатысты.

2023 жылғы мамырдың 2-4 күндері Семей қаласының экскурсоводтарын дайындау мақсатында біліктілікті арттыру курсы өтті. Курсты 1-санатты экскурсовод-әдіскер, ұлттық жаттықтырушы, Ұлы Жібек жолы бойынша WFTG ресми гиді, «Арман тур» Ұлттық туристік фирмасының директоры, Қазақстан экскурсоводтар Одағының Президенті Абжанова Салтанат Ағзамқызы жүргізді. «Экскурсияның мәні, белгілері, функциялары», «Экскурсоводтың міндеттері мен құқықтары», «Жаңа экскурсияны дайындау технологиясы», «Музей әдістемесі, музейлердегі гид жұмысының ерекшелігі», «Жадыны дамыту бойынша тәжірибелік сабақ», «Қаладан тыс экскурсияларды өткізу әдістемесі» тақырыптары қамтылды. Курсты пысықтау, қорытындылау мақсатында «Семей-Жидебай» бағытында тәжірибелік сабақ өткізіліп, қаладан тыс экскурсия жүргізудің ерекшеліктеріне баса мән берілді. Соңында курсқа қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Музей қызметкері, жазушы Қ.Қиықбай Тәуелсіздік күні қарсаңында «АМАНАТ» партиясы ұйымдастырған Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына

орай ұйымдастырған «Ұлды дала» республикалық шығармашылық байқауында жеңімпаз атанды.

Ғылыми-зерттеу, баспа жұмыстары

«Абайтануды оқытудың ерекшеліктері» атты семинардың жинағы электрондық нұсқасы, Ш.Құдайбердіұлының әндерін зерттеп, насихаттаған әнші Келденбай Өлмесеков, Абай, Шәкәрім әндерін орындаған, әнші Болат Сыбанов туралы кітап баспаға дайындалды. Және «Абай музейінің Хабаршасы» журналының электрондық нұсқасы дайындалды.